# Тарихи жерлер тағылымы



Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

**Биылғы жылдың тамыз айының аяғына таман елімізде Жошы ханға арналып салынып жатқан кешеннің ашылуы өтеді деп күтілуде. Осыған орай, "Арқалық қаласының құрметті азаматы", тарихшы, өлкетанушы Шөптібай Байділдин мен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ректоры Сейітбек Қуанышбаев "Ұлытау" аймағындағы ел мен жердің мәдени мұрасына қатысты ерекше жерлермен танысып келді.**



құрылысы жүріп жатыр. Маңайы түгел асфальтталып, айналасы қоршалған. Кешен бір қақпалы қылып жасалған екен. Барған адам көлігін сыртқа тастап, әрмен қарай жаяу жүреді. Қазір кешеннің сыртқы құрылыстары аяқталып, ішкі құры-

**жердің мәдени мұрасына қатысты ерекше жерлермен танысып келді.**

Ғалымдар сапар барысында:"Кейкі батырдың үңгірі", "Махат сахана тамы", "Жеті әулие", "Әулие бұлақ", "Күміс бұлақ", "Едіге тауы", "Хан қорған", "Сандыбайдың Ердені", "Алаша хан", "Домбауыл кесенесі", "Жошы хан кесенесі" сынды тарихи ескерткіштер мен киелі орындарға тәу етіп, бабалар рухына бас иді.

– Қазақ хандығының астанасы болған Ұлытау аймағы қашанда өзінің ерекшелігімен кісіні тартып тұрады. Тек қана Ұлытау өңірінде 360 тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Мұның барлығы да мемлекеттің қарауына алынған. Жезқазған жеріндегі Жошы хан кешенінің былтырдан бастап Барған адам көлігін сыртқа тастап, әрмен қарай жаяу жүреді. Қазір кешеннің сыртқы құрылыстары аяқталып, ішкі құрылыстары қарқын алған. Кешенде: мұражай, кітапхана, конақ үй т.б құрылыстар болады деп жоспарланған. Алаңқайдың ортасында хан шатыр тұр. Жанына Жошы ханның тақта отырған биіктігі 5 метрлік зәулім ескерткіші қойылған. Хан мүсіні парасатты, өте жақсы сомдалған. Осыдан өткеннен кейін барып Жошы ханның кесенесіне кіреді. Кесенеге реставрация жасалған. Кіреберісіне оюланған ағаш есік орнатылып, ішіне үлкен ақ мрамордан екі адамға яғни, хан мен оның жұбайына үлкен ескерткіш тас қойылған, – дейді Шөптібай Байділдаұлы.

Арқалық қаласы.




Qostanai tany. - 2021. – 25 маусым №74– б 9